

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор А.А. Мауленовтың
«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі»
тақырыбындағы диссертациясына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына», сондай-ақ ұлттық құндылықтарды сақтау, гуманитарлық ғылымдарды дамыту және болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік құжаттардың негізгі басымдықтарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындауға, инновациялық оқыту технологияларын

		енгізуге және болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына және 8D01701* – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған зерттеулерге толық сәйкес келеді.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның және басқа да бағдарламалардың аясында орындалмаған. 2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты – «Адами капиталды дамыту, білім беру, ғылым және тіл саясаты» бағытына сәйкес орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның ғылым үшін маңыздылығы толық ашылған. Диссертацияда жыраулар поэзиясын жоғары оқу

		<u>ашылған/ашылмаған.</u>	орнында оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленіп, философиялық, психологиялық және педагогикалық ұстанымдары ғылыми тұрғыдан негізделген. Жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленіп, инновациялық оқыту технологияларына негізделген әдістемелік жүйе ұсынылған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми қорын толықтырып, жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау сапасын жетілдіруге маңызды үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі – жоғары. Зерттеу жұмысының мазмұны автордың ғылыми мәселені өздігінен талдап, жүйелі тұжырымдар жасағанын, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес дербес ғылыми ізденіс жүргізіп, алынған нәтижелерді біртұтас ғылыми еңбек ретінде рәсімдегенін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі жоғары білім беру жүйесінде ұлттық әдеби мұраны оқытудың мазмұнын жаңғырту, жыраулар поэзиясын заманауи педагогикалық талаптарға сәйкес меңгертудің ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жетілдіру қажеттілігімен нақты негізделген. Зерттеу жұмысының өзектілігі қоғам сұранысы мен жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау міндеттерімен үйлесімді

		сабақтастықта ашылған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың барлық бөлімдері жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың теориялық негіздерін, әдіснамалық ұстанымдарын, әдістемелік жүйесін және оның тәжірибелік тиімділігін бірізділікпен ашып, зерттеу тақырыбының мазмұнын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау, оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін және инновациялық технологияларға негізделген әдістемелік жүйесін әзірлеуге бағытталған. Қойылған міндеттер жыраулар поэзиясының көркемдік табиғатын, зерттелу тарихын, оқытудың философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздерін зерделеу, әдістемелік модельді әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелдеу сияқты зерттеу кезеңдерін толық қамтып, диссертация тақырыбы мен мақсатына толық сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның құрылымы зерттеу логикасына сәйкес жүйелі құрылған және барлық бөлімдері өзара сабақтастықта берілген. Бірінші тарауда жыраулар поэзиясының зерттелу тарихы, номадтық жыраулық дәстүрдің қазақ және әлем әдебиетіндегі орны, жыраулар поэзиясының ғылыми тұрғыдан зерттелуі мен қазақ жыраулық

		дәстүрінің әдебиеттегі көріністері сараланған. Екінші тарауда жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың философиялық, психологиялық және педагогикалық әдіснамалық негіздері ғылыми тұрғыдан негізделіп, оларды қазіргі білім беру талаптарына сәйкестендіру мәселелері қарастырылған. Үшінші тарауда осы теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға сүйене отырып, жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі, инновациялық технологияларға негізделген әдістемесі ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде дәлелденген. Диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталып, өзара толық логикалық байланыста құрылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда жыраулар поэзиясының зерттелуіне қатысты М.Мағауин, Ә.Қоныратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Р.Сыздықова және басқа да ғалымдардың ғылыми тұжырымдары жан-жақты талданып, жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың қолданыстағы тәжірибесіне сыни баға берілген. Осы талдау нәтижесінде автор жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін, инновациялық технологияларға негізделген әдістемелік жүйесін ұсынып, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелерімен негіздеп, бұрыннан қолданылып жүрген әдістермен салыстыра бағалаған.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми жаңалығы жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту мәселесінің әдебиеттанулық зерттеу аясынан шығып, педагогика ғылымының өзекті мәселесі ретінде кешенді қарастырылуымен айқындалады. Диссертацияда жыраулар поэзиясының көркемдік-танымдық, тәрбиелік және құндылықтық әлеуетін қазіргі жоғары білім беру талаптарымен өзара сабақтастыра отырып, оны оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері жүйеленген. Зерттеуде жыраулар поэзиясын меңгертудің мазмұны білім алушылардың кәсіби, танымдық, шығармашылық және ұлттық дүниетанымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатымен біртұтас педагогикалық жүйе ретінде негізделген. Зерттеу жұмысында жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне бейімделген мазмұндық-құрылымдық модельді, оны жүзеге асырудың әдістемелік тетіктерін және инновациялық технологияларға негізделген оқыту жүйесі ұсынылған. Ұсынылған ғылыми нәтижелер жыраулар поэзиясын оқытудың теориясы мен әдістемесін жаңа ғылыми тұжырымдармен толықтырып, осы бағыттағы бұрынғы зерттеулерде кешенді түрде қарастырылмаған мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуімен ерекшеленеді. Диссертацияның қорытындылары ғылыми зерттеу барысында алынған теориялық және тәжірибелік нәтижелерді жүйелі жинақтау негізінде
5.2	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?		

	1) <u>толығымен жаңа:</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	тұжырымдалған. Қорытындыда жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін жаңаша жүйелеу, мазмұндық-құрылымдық модельді оқу үдерісіне енгізу, оқытуды интерактивті және шығармашылық технологиялар арқылы ұйымдастырудың тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Жыраулар поэзиясын меңгерудің білім алушылардың әдеби мәтінді талдау, сыни ойлау, ғылыми-танымдық және ұлттық құндылықтарды игеру құзыреттерін дамытуға ықпал ететіні дәлелденіп, жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізуге бағытталған ғылыми негізделген қорытындылар ұсынылған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа:</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған шешімдер педагогикалық және әдістемелік сипатқа ие. Зерттеуде жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытуға арналған мазмұндық-құрылымдық модель, инновациялық педагогикалық технологиялар жүйесі, шығармашылық және зерттеушілік әрекетке негізделген оқыту әдістері ұсынылған. Ұсынылған әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелік эксперименттік жұмыстар нәтижелерімен дәлелденіп, жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде қолдануға болатын ғылыми негізделген жаңа әдістемелік жүйе ретінде ұсынылған.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуде алдымен жыраулар поэзиясының зерттелу тарихы, жыраулық дәстүрдің әдебиеттанудағы орны және жоғары оқу орындарындағы оны оқытудың қазіргі жай-күйі ғылыми еңбектер негізінде кешенді талданған. Одан кейін жүргізілген сауалнама мен диагностикалық зерттеу нәтижелері жыраулар поэзиясын оқытуда ғылыми-әдістемелік базаны жетілдіру, тарихи-әдеби контексті тереңдету, интерактивті және шығармашылық оқыту технологияларын қолдану қажеттігін көрсеткен. Осы теориялық және диагностикалық зерттеулердің негізінде әзірленген мазмұндық-құрылымдық модель мен инновациялық технологияларға негізделген оқыту әдістемесінің тиімділігі қалыптастырушы және бақылау эксперименттері арқылы дәлелденіп, эксперименттік топ білім алушыларының әдеби мәтінді талдау, сыни ойлау және шығармашылық тапсырмаларды орындау көрсеткіштерінің артқаны анықталған. Сондықтан диссертацияда ұсынылған қорытындылар ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделген деп есептейміз.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидааттар	Әр қағидаат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидаат дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді;	7.1 Қағидаат дәлелденді ме? 1) дәлелденді. Қорғауға ұсынылған қағидааттар диссертацияның теориялық бөлімдерінде жан-жақты негізделіп, мазмұндық-құрылымдық модельді тәжірибелік-

	3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	эксперименттік тексеру нәтижелерімен толық дәлелденген. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ. Қорғауға ұсынылған қағидаттар жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жаңаша пайымдауға негізделгендіктен, жалпыға белгілі тұжырымдарды қайталамайды. 7.3 Жаңа ма? 1) иә. Ұсынылған қағидаттар жыраулар поэзиясын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін қазіргі жоғары білім беру талаптарымен ұштастырып, мазмұндық-құрылымдық модель мен инновациялық оқыту технологиялары арқылы жүзеге асыруымен жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі 3) кең. Ұсынылған қағидаттарды жоғары оқу орындарының «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Хандық дәуір әдебиеті», «Әдебиетті оқыту әдістемесі» пәндерінде, сондай-ақ болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау үдерісінде кеңінен қолдануға болады. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә. Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларда, халықаралық конференция
--	--	---

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	материалдарында және авторлық бағдарламада көрініс тауып, ғылыми қауымдастық талқылауынан өткен. Диссертацияда зерттеу әдістемесі нақты айқындалып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ғылыми тұрғыдан негізделген. Теориялық талдау, салыстыру, сауалнама, бақылау, модельдеу және тәжірибелік- эксперименттік әдістерді кешенді қолдану арқылы зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі қамтамасыз етілген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ		Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды пайдалана отырып алынған. Зерттеу барысында сауалнама мен тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық өңдеуден өткізіліп, кестелер мен диаграммалар арқылы интерпретацияланған, сондай- ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда заманауи цифрлық және инновациялық педагогикалық технологиялар пайдаланылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ;		Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, мазмұндық- құрылымдық моделі және инновациялық технологияларға негізделген әдістемелік жүйесі педагогикалық эксперимент барысында кешенді түрде тексеріліп, ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеудің анықтау кезеңінде білім алушылардың жыраулар поэзиясын меңгеру деңгейі мен оқыту үдерісінің бастапқы жай-күйі айқындалса, қалыптастыру

	2) жоқ	экспериментінде әзірленген әдістемелік жүйе оқу үдерісіне енгізілген. Бақылау кезеңінде эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, ұсынылған модельдің білім алушылардың әдеби мәтінді ғылыми талдау, шығармашылық ойлау, ұлттық құндылықтарды меңгеру және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділігі расталған. Диссертацияда негізделген теориялық қағидалар мен анықталған заңдылықтар педагогикалық эксперимент нәтижелері арқылы өз дәлелін тапқан.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы маңызды ғылыми тұжырымдар мен теориялық пайымдаулар әдебиеттану, педагогика, психология және оқыту әдістемесі салаларындағы отандық және шетелдік беделді ғалымдардың еңбектерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарымен негізделген. Зерттеу барысында пайдаланылған ғылыми дереккөздер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес іріктеліп, теориялық қағидаларды дәлелдеуде жүйелі қолданылған, нәтижесінде ұсынылған ғылыми тұжырымдардың сенімділігі мен дәйектілігі қамтамасыз етілген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер қоры зерттеу мәселесінің қалыптасуы мен даму эволюциясын ашуға, жыраулар поэзиясының зерттелу тарихын, оны жоғары оқу орнында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін кешенді талдауға мүмкіндік береді. Әдеби

9	Практикалық құндылық принципі	шолу зерттеу нысаны бойынша қалыптасқан ғылыми көзқарастарды жүйелі саралап, диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдардың теориялық негізін толық қамтамасыз еткен. Диссертацияның теориялық маңызы жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін жүйелеп, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық қорын жаңа ғылыми тұжырымдармен толықтыруында көрінеді. Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижесінде әзірленген жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі, инновациялық оқыту технологиялары жүйесі, оқу-әдістемелік материалдар және «Жыраулар поэзиясын оқыту» авторлық бағдарламасы жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізуге және болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау тәжірибесінде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Практикалық ұсынымдардың жаңалығы жыраулар поэзиясын оқыту үдерісін білім алушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаңа мазмұнда ұйымдастырумен сипатталады. Зерттеуде әдеби мәтінмен жұмыс, шығармашылық тапсырмалар, интерпретациялық талдау және критериялды бағалау элементтері өзара ықпалдастырылып, оларды жоғары оқу орнының оқу үдерісіне енгізуге арналған нақты әдістемелік ұсынымдар берілген.	Диссертация академиялық жазу талаптарына сәйкес
10.	Жазу және	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі <u>жоғары</u>: 1) ия; 2) жоқ 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Академиялық жазу сапасы:

	ресімдеу сапасы	1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	орындалған. Зерттеу жұмысы ғылыми стильде жүйелі баяндалған, құрылымдық тұтастығы сақталған, ғылыми терминдер бірізді қолданылған және мәтіннің мазмұны мен рәсімделуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Үшінші тарауда ұсынылған жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі мен инновациялық технологиялар жүйесінің әдістемелік мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілген, өте жақсы талданған. Дегенмен модельдің әрбір компонентінің нәтижелілігін бағалайтын нақты өлшемдер мен индикаторлар, сондай-ақ оларды білім алушылардың құзыреттілік деңгейімен байланыстыратын бағалау дескрипторлары толық жүйеленбеген. Бұл модельді практикалық қолдануда оның тиімділігін бағалауды нақтылай түсер еді. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың кей жерлерінде грамматикалық және техникалық қателер кеткен. Диссертант оны ескерер деп ойлаймыз.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері жеткілікті деңгейде жарияланып, ғылыми ортада талқылаудан өткен. Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus деректер базасындағы ғылыми журналда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала жарияланған. Бұдан бөлек, зерттеу нәтижелері 13 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында баяндалып, жалпы саны 19 ғылыми жарияланым арқылы ғылыми апробациядан өткен. Бұл диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жоғары нәтижелігін көрсетеді.	

	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	«Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, дербес орындалған ғылыми еңбек деп бағалап, докторантқа 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Саржигитов Ерик Тортаевичке «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының директоры,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы
11.08.2026 жыл

А.А. Мауленов

